



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№36 (1948) 21 ҚАЗАН 2024 ЖЫЛ

Тәуелсіздіктің тұғырын қалыптастырды

25 қазан

РЕСПУБЛИКА
КҮНІ



Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері және білім алушы жастары!

Сіздерді Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ұлттық мереке қатарына қайта қосылған бұл айтулы күннің барша қазақстандықтар үшін алар орны биік.

Бұл күні қабылданған тарихи құжат – «Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы» декларация ел тәуелсіздігінің тұғырын қалыптастырды.

Ұлытаудағы Ұлттық құрылтайдан кейін жаңа сипатта атап өтіле бастаған Республика күні елдің тарихи жадын жаңғыртуда ерекше маңызға ие. Президент бұл айтулы күнді «Халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын

айшықты мереке», – деп атап өтті.

Бүгінде жаңа, әділетті қоғам қалыптастыруда білім және ғылым саласының қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік жүктелуде. Мемлекеттілігімізді дамытып, тәуелсіздігімізді нығайтуға қалтқысыз қызмет ету – баршамыздың азаматтық парызымыз.

Егемен еліміздің мәртебесі биіктеп, рухы асқақтай берсін!

Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы –
Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор

Жаңа тарихтың бастауы

1990 жылы 25 қазанда еліміздің жоғарғы заң шығарушы органы – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы тарихи акт – декларация қабылдады. Бұл акт біздің еліміз үшін ерекше маңызға ие. Мұнда алғаш рет Қазақстанның тәуелсіздігі туралы идея бекітілді. Бұл құжат – Қазақстанның егемен дамуы заңды түрде ресімделгеннен кейінгі конституциялық актілер үшін құқықтық негіз.

Декларация – Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастардың дербес субъектісі,

сыртқы саясатты өз мүддесі үшін айқындайды және сыртқы экономикалық қызмет мәселе-

лерін дербес шешеді деген идеяны жариялады. Сондықтан 1995 жылы 25 қазан – Республика күні ретінде мерекелік күндер күнтізбесіне енгізілді. Бұл күннің аса маңыздылығы – қазіргі Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы одан бастау алады. Бұл, сөзсіз, қазақ халқының көпғасырлық тарихындағы бет-бұрыс кезеңі.

Тарихи әділдікті қалпына келтіре отырып, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақ мемлекеттілігінің бесігі – Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында Республика күнін жандандыру және оған ұлттық мереке мәртебесін беру туралы бастама көтерді.

Жалғасы 3-бетте

Ұлттық кадр даярлауда ұтқаны көп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, зерттеуші-ғалым Нұртас Оңдасыновтың 120 жылдығына арналған «Тарих және тұлға: зияткерлік және құндылық бағдары» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Іс-шараға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі Мамай Ахетов, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР ҰҒА академигі Мұрат Жұрынов, Әл-

Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Қазақстан жазушылар одағы төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы, тарихшы ғалым, ҚР ҰҒА академигі Мәмбет Қойгелдиев, «Нұртас Оңдасынов» қоғамдық қоры қамқоршылар кеңесінің төрағасы Серік Тәукебаев, мемлекет қайраткері, дипломат Икрам Адырбеков қатысты. Сондай-ақ ауқымды шараға Нұртас Оңдасыновтың ізбасарлары, тіл жанашырлары,

тарихшы-ғалымдар, білім ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар жиналды.

Жиында Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Президент жолдаған хатта Нұртас Оңдасынов мемлекеттілікті нығайтуға зор үлес қосқан тарихи тұлға екені айтылған.

Жалғасы 2-бетте



2-бет

Ректор
Эстония
елшісін
қабылдады



5-бет

Тәуелсіздікке
жол ашқан
маңызды
құжат



7-бет

Жеңіс туын
қадаған
қазақ





Ұлттық кадр даярлауда ұтқаны көп

Соңы. Басы 1-бетте

«Нұртас Оңдасынов халқының мүддесін бәрінен биік қойды. Қиын-қыстау кезеңнен кейін елімізді дамытуға, ұлтымыздың еңсесін тіктеуге зор еңбек сіңірді. Ол қазақ қоғамын өркендетіп, ұлтжанды азаматтардың тұтас буынын тәрбиелеуге баса мән берді. Сондай-ақ Нұртас Оңдасыновтың шығыстану саласына қатысты түсіндірме сөздіктері әлі де талай ұрпақтың кәдесіне жарай беретіні сөзсіз», – делінген хатта.

Шара барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың құттықтау хаты оқылды.

Өз кезегінде ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Нұртас Оңдасыновтың мемлекетті басқару ісін жаңа деңгейге көтергенін айтты. «Нұртас Дәндібайұлы ел тарихындағы ең бір ауыр, күрделі кезеңде, 1938-51 жылдары Қазақ КСР Үкіметінің төрағасы міндетін абыроймен атқарды. Сол уақыттарда көптеген универ-

ситеттер мен шет тілдері, дене шынықтыру, политехникалық және технологиялық институттары ашылып, медицина институтында факультеттер кеңейтілді. Ұлттық ғылым академиясының, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының іргесі қаланды. Елінің болашағы үшін аянбай қызмет атқарған Нұртас Оңдасынов кеңестік идеология үстемдік құрған заманда ұлттық кадрларды даярлауға айрықша үлес қосып, өзіндік мектебін қалыптастырды», – деді ЖОО ректоры Жансейіт Түймебаев.

Сонымен қатар ауқымда іс-шарада Мұрат Жұрынов, Ғалым Қалибекұлы, Мәмбет Қойгелдиев, Серік Тәукебаев, Сәбит Шілдебай, Болат Сайлан, Икрам Адырбеков, Гүлсім Оразалиева т.б. мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар сөз сөйлеп, Нұртас Оңдасыновтың тұлғалық және кәсіби қасиеттерін, келешек ұрпаққа қалдырған мол мұрасының құндылығына тоқталды.

Ректор Эстония елшісін қабылдады



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Эстония Республикасының елшісі Яп Орамен кездесті.

Арнайы сапармен келген елшіге алғысын білдірген білім ордасының басшысы құрамында 16 факультет, 8 ғылыми-зерттеу институты, 140 ғылыми-зерттеу зертхана және 29 ғылыми орталық табысты жұмыс істейтін зерттеу университетінің қызметі туралы баяндады.

«Ғылым мен жоғары білім саласындағы серіктестікті дамыту – маңызды қадам.

Эстония жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты жандандыру және болашақта халықаралық конференциялар өткізуді, оқытушылар мен студент алмасуды, бірлескен ғылыми жобаларды іске асыруды қоса алғанда, ауқымды жобаларды іске асыру қажет», – деп атап өтті ректор Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Эстония Республикасының елшісі Яп Ора білім ордасы басшысының қабылдауына алғыс білдіріп, Эстонияда үздік университеттер жеткілікті екенін атап өтті. Эстония университеттерімен байланыс орнату екі тарап үшін де үлкен әлеуетке ие болмақ.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Түркі әлемі жастары ҚазҰУ-ға жиналады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының өкілдерін қабылдады.

Делегация құрамында ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы бас хатшысының орынбасары Саит Юсуф, бөлім басшысы Санжар Мүләзімоғлы, бас хатшының Қазақстандағы кеңесшілері Ләзиза Нұрпейіс пен Майра Қарсақбаева бар.

Тараптар ҚазҰУ-да өтетін Түркі әлемі жастары форумының жұмыс жоспарын талқылап, өзара пікір алмасты.



Айта кетсек, қараша айының 20-23 күндері ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы, Алматы қаласының әкімдігі мен Әл-Фа-

раби атындағы ҚазҰУ бірлесіп Түркі әлемі жастарының форумын өткізу жоспарланып отыр.

Жүздесуде халықаралық ұйым өкілдері ҚазҰУ басшысына атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат берді.

Кездесу соңында тараптар ұйымдастыру жұмыстарын жоспарлы түрде жүзеге асыруға уағдаласты.

Бұған дейін оқу ордасының ректоры Жансейіт Түймебаев ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раевпен кездесіп, ауқымды шараны ұйымдастыруда ҚазҰУ тарапынан барлық қажетті қолдау көрсетілетінін жеткізген болатын.

Ортақ жобаларды жүзеге асыруға уағдаласты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Халықаралық түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұловамен кездесу өткізді.

Тараптар болашақта бірлесіп жүзеге асыратын ауқымды бастамалар мен жобаларды талқылады.

Өз кезегінде Ақтоты Райымқұлова Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында Халықаралық түркі мәдениеті мен мұрасы қорының орталығын ашуды ұсынды. Сондай-ақ университет пен қордың болашақта ортақ жобаларды жүзеге асыруға әлеуеті толықтай жететініне сенім білдірді.

«Биыл Халықаралық түркі мәдениеті мен мұрасы қорына Әзірбайжан төрағалық етіп отыр. Келесі жылы қорға Қазақстан басшылық етеді. Сондықтан алдағы уақытта ауқымды жобаларды жүзеге асыру жоспарымызда бар. Түрколог ғалымдардың басын қосып, түркі әлемі мен мәдениетін зерттеуге арналған халықаралық конференцияларды өткізуді көздеп отырмыз. Осы тұрғы-



да Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз

жұмыс істейміз деп ойлаймын», – деді Ақтоты Райымқұлова.

Жансейіт Түймебаев аталған ұсынысты толық қолдайтынын жеткізіп, университет тарапынан қажетті көмек көрсетілетінін айтты.

Айта кетейік, биыл Халықаралық түркі мәдениеті мен мұрасы қоры және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойған болатын. Келісімнің мақсаты – тараптар арасындағы серіктестік байланысты қолдауға және дамытуға жағдай жасауға ықпал ету.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Соңы. Басы 1-бетте

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор

Жаңа тарихтың бастауы

Осыған байланысты «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңына өзгерістер енгізілді. Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылданған күні – біздің азаматтарымыз үшін ерекше тарихи маңызы бар оқиға. 25 қазан – Республика күні, ұлттық мереке болып жариялануының мәні және негізі бар. Бұл жағдай «Мемлекеттік мерекелер туралы» заңының 2-бабында бекітілген.

Жоғарғы Кеңестің қабырғасында ел егемендігінің қарсыластары мен жақтастары арасында күрделі күрес өткенін атап өткіміз келеді. Біздің академиктер барлық прогрессивті ережелерді қорғады, декларацияны әзірлеуге және қабылдауға қатысты, мазмұнға тамаша ғылыми талдау жасады және осы актінің тарихи маңыздылығын атап өтті. Декларацияның қабылдануы қазақстандықтардың рухани өрлеуі мен ынта-жігерін тудырды. Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны әзірлеуде көрнекті ғалым-мемлекеттанушылар, конституционалистер, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктері – Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, Ғайрат Сапарғалиев, Мұрат Баймахановтар көп еңбек сіңірді. Мемлекет қайраткерлері, жоғарғы өкілді органның депутаттары, Ұлттық ғылым академиясының және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қызметкерлері бола отырып, олар «Мемлекеттік егемендік туралы» декларацияның жобасын әзірлеуге баға жетпес үлес қосты.

1991 жылы конституциялық сипаттағы тағы екі акт қабылданды, олардың қабылдануымен егемендік пен тәуелсіздікті жоғары деңгейде бекіту процесі аяқталды. 1991 жылғы 10 желтоқсанда «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» ҚР Заңы қабылданады. Бұл заң конституциялық деп аталмаса да, ол іс жүзінде солай болды. Оның мәні – республика атауынан мемлекеттік ұйымның таптық негізі алынып тасталғанында. Сондай-ақ бұл актінің маңыздылығы: көпұлтты республика халқының өзін-өзі анықтау қағидатына негізделген демократиялық, тәуелсіз, бейбіт, құқықтық мемлекет құруға деген ұмтылысын негізге ала отырып, «Қазақ КСР» атауы «Қазақстан Республикасы» деп өзгертілді.

Республиканың егемендігі мен тәуелсіздігін құқықтық бекіту 1991 жылғы 16 желтоқсандағы «ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңымен аяқталды. Онда «Жоғарғы Кеңес «Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, қазақ ұлтының өзін-өзі анықтау құқығын растай отырып, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялайды» деп жазылған. Бұл конституциялық заңда Қазақстанның тәуелсіздігі алғаш рет белгіленді, тәуелсіз мемлекетке тән элементтер: біртұтас азаматтық, аумақтық окшаулану, мемлекеттік органдардың дербес жүйесі, тәуелсіз мемлекеттің мәртебесіне сәйкес келетін экономикалық жүйе, өзінің Қарулы Күштерінің болуы бекітілді.

Қазақстанның барлық азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау – мемлекеттік егемендік туралы декларация жобасының негізін қалаған маңызды идеялардың бірі. Бұл құжат Қазақстандағы адам құқықтарының алғашқы декларациясы болды деп айтуға болады.

Осылайша декларация қазіргі Қазақстанның құқықтық негізін қалады. Декларация азаматтық батылдық актісіне айналғанын ерекше атап өту керек, өйткені ол КСРО басшылығы Қазақстан халқы үшін тағдырлы саяси-құқықтық құжаттың әзірленуі мен қабылдануына барынша кедергі келтірген және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің мемлекеттік егемендік туралы ресми мәлімдемесін мойындамаған жағдайларда қабылданды.

Осы қарсылықтарға қарамастан, жоғары мемлекеттік деңгейде Қазақстан халқының атынан Қазақ Республикасының Жоғарғы Кеңесі бүкіл әлемге Қазақ КСР-індегі мемлекеттік биліктің республика ішінде үстемдігі, дербестігі, толықтығы бар екенін, Қазақстан саяси-экономикалық, әлеуметтік және ұлттық мәдени құрылысқа қатысты барлық мәселелерді дербес шешетінін ресми түрде мәлімдеді.

Декларация барлық өркениетті елдерде мемлекеттік

басқару тәжірибесімен дәлелденген тұрақты құндылықтарды білдіреді деуге болады. Мұндай іргелі қағидаттарға адам өмірінің құндылығы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау; құқықтық және демократиялық мемлекет; халықаралық құқық субъектісі ретінде ішкі және сыртқы істердегі Қазақстанның мемлекеттік билігінің егемендігі; Қазақстан аумағының бөлінбейтіндігі мен қолсұғылмаушылығы; одақтарға еріктілік жатады; барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдері үшін құқықтық теңдік пен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ете отырып, ұлттық мемлекет қағидаты; өз азаматтығы институты; биліктің бөлінуі; меншік нысандарының алуантүрлілігі мен теңдігі, Қазақ Республикасы атынан Қазақстан халқына барлық ұлттық байлықтың тиесілігі; саяси плюрализм және басқалар.

Декларацияның нормалары мен ережелері тәуелсіз қазақстандық мемлекет пен қоғамды жаңғырту және қалыптастыру процесінде күрделі, көп еңбекті қажет ететін және алуан түрлі міндеттерді шешуге бағытталған. Декларация ұлттық заңнаманың, 1993 жылғы Конституцияның және 1995 жылғы қолданыстағы Конституцияның негізі болды. Өйткені ұлттық құқықтың қалыптасуы мемлекеттік егемендіктің көрінісі мен іске асырылуын білдіреді.

Осылайша Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны қабылдаудың

орны бөлек. Декларация Қазақстан халқының шынайы егемендікке, Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің мызғымастығына объективті және ұдайы ұмтылысының нәтижесі, өркениетті, еркін мемлекеттер мен қоғамдар ортасына кіру жөніндегі халқымыздың жүзеге асырған ерік-жігерінің нәтижесі болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың қазан айында мемлекеттік наградалар мен сыйлықтарды табыстаудың салтанатты рәсмінде сөйлеген сөзінде қазақ халқы көптеген жылдар бойы егемендікке апаратын сара жолмен жүргенін атап өтті. «Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларация біздің қасиетті тәуелсіздігімізге жол ашты. Сондықтан бұл құжаттың тарихи маңызы бар. Биылдан бастап біз ұлттық мереке мәртебесін алған Республика күнін жаңаша атап өтетін боламыз. Бұл бастама қоғамда кеңінен қолдау тауып, жақсы дәстүрге айналатынына сенімдімін. Республика күні – халықтың рухын көтеруге, мемлекеттілікті нығайтуға, бірлігіміз бен ынтымақтастығымызды нығайтуға арналған жарқын мереке», – деді ол.

Қ.Тоқаевтың пікірінше: «Егемендік туралы декларация – батылдық пен дипломатияның, парасаттылық пен шыдамдылықтың жеңісі. Көп ұзамай біз осы тарихи құжаттың күшін сезіндік. Біз қоғамның негізін жаңарттық және жаңа биіктерге ұмтылдық. Қиын өтпелі кезеңді бастан өткерген Қазақстан күшті мемлекетті-

лікті қалыптастыру жолымен жүрді».

«Мемлекеттік егемендік туралы» декларация Қазақ КСР Конституциясы мен Қазақстан аумағындағы заңдардың үстемдігі қағидатын, өз аумағында республиканың егемендік құқықтарын бұзатын КСР Одағы актілерінің қолданылуын тоқтата тұру құқығын жариялады. Дәл осы декларациядан кейін республика өзінің мемлекеттік егемендігін нақты жүзеге асыра бастады.

1990 жылғы 25 қазандағы декларацияда Қазақстан аумағының бөлінбейтіндігі, біртұтастығы және егемендігі бекітілді. Ел халықаралық құқық субъектісі ретінде айқындалды. Республиканың барлық табиғи ресурстарға, экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетке айрықша меншігін жариялау Қазақстанға дербес экономикалық саясат жүргізуге мүмкіндік берді. Декларация алғаш рет мемлекеттің әлеуметтік негізін анықтауға таптық көзқарастан бас тартады және мемлекеттіліктің ұлттық сипатын жариялайды. Декларация мемлекеттің толық тәуелсіздігін ресімдеу жолында елдің мемлекеттік-құқықтық жүйесін одан әрі дамыту кезеңі басталған базалық іргелі заңнамалық актіге айналды.

Декларацияның тарихи маңыздылығы – оның республиканың мемлекеттік егемендігіне нақты мазмұн беруінде, Қазақстанның көпғасырлық тарихы бар өзінің мемлекеттілігін ескеруде, аумақтық тұтастық қағидатын атап көрсетуде және билікті бөлу жүйесін республиканың демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде жұмыс істеуінің аса маңызды қағидаты деп жариялауда.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялау қазақ халқының өміріндегі ең үлкен атаулы оқиға болды. Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың тең құқылы мүшесіне айналды. Қазақ халқы ұлт ретінде жойылып кету қаупінен құтылды. Мәдениетті, дәстүрді, тілді жаңғырту және дамыту, ұлттық зиялы қауымды қалыптастыру және дамыту үшін жағдайлар жасалды. Большевиктер тұсында елден кетуге мәжбүр болған қазақтар тарихи Отанына оралуға мүмкіндік алды.

«Мемлекеттің тәуелсіздігі – жай декларация емес. Шынайы тәуелсіздік құру – бұл күнделікті қажырлы еңбек, дәлелденген және дәйекті саясат. Біз тек күшті және тәуелсіз мемлекетке ие бола отырып, жаһандық әлемде дербес ұлт ретінде өмір сүреміз. Біз осы тұрақты шындықты берік ұстануымыз керек. «Тәуелсіздік бәрінен жоғары» деген сөз біздің ұранымыз болуы тиіс», – деп атап өтті Президентіміз Қ.Тоқаев.

Ұлттық мереке – Республика күнінің маңызы қашанда жоғары екенін өскелең ұрпақтың санасына сіңіруге тиіспіз. Өйткені бұл – жаңа тарихтың бастауы болған күн.





Малайзия университетімен серіктестік

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Малайзияның Халықаралық ислам университетінің делегация құрамы жұмыс сапарымен келді. Сапар аясында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қонақтармен кездесті.

ҚазҰУ бүгінгі таңда Малайзияның сегіз университетімен тікелей серіктестік қарым-қатынас орнатты. Олардың ішінде Yayasan Melaka халықаралық колледжі, Fattaheducation (Малайзия университеттерінің халықаралық өкілдігі), Менеджмент және ғылым университеті т.б. бар. Академиялық ұтқырлық аясында 2023-24 жылдары ҚазҰУ-дың бес докторанты Малайзия университеттерінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Малайзия астанасы Куала-Лумпур қаласында 2023 жылғы қарашада Азия-Тынық мұхиты аймағында жоғары білім беру мәселелері бойынша QS саммиті кезінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға QS Asia University Rankings халықаралық рейтингі сертификатын тапсы-

ру салтанатты рәсімі өтті. Онда 856 қатысушы жоғары оқу орындарының арасында ҚазҰУ 29-орынға жайғасты.

Сөз соңында Жансейіт Қансейітұлы университет оқытушы-профессорлар құрамы мен студент алмасу, бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру, профессорларды шақыру және басқа да бағыттар бойынша ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін атап өтті.

Өз кезегінде сөз алған IIUM Басқарушылар кеңесінің мүшесі, Дато Сри доктор Сайед Хусейн әл-Хабши Малайзиядағы Халықаралық ислам университетінің (IIUM) аймақтық және халықаралық деңгейде танылған қызметті жайлы айтып, Женевадағы PENCIRTA, INPEX, ITEX және KIPA сынды көрмелерде медаль жеңіп алғанын жеткізді.

Сондай-ақ ол Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен IIUM әріптестік, әсіресе қосдипломды бағдарламаларды іске асыру, тұрақты даму және академиялық алмасу саласында үлкен перспективалар ашатынын атап өтті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

«Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторымен кездесу



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстан жазушылар одағының хатшысы – «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақыппен кездесті.

Жүздесуде тараптар БАҚ саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Оқу ордасының ректоры өзі білім алған, қызмет атқарған университетке ат басын бұрған белгілі ақын, журналиске ризашылығын білдіріп, ҚазҰУ-дың

соңғы жетістіктері мен алдағы жоспарларына тоқталды.

Жансейіт Түймебаев кездесу барысында журналистика факультетінің студенттерін «Қазақ әдебиеті» газетінде тағылымдамадан өткізу мәселесіне назар аударды. Жас журналистерге бағыт-бағдар беріп, саланың қыр-сырын үйрету үшін тәжірибе бөлісуді ұсынды.

Өз кезегінде ҚазҰУ түлегі, ҚР ҰҒА академигі әдеби басылымның көшбасшы университетпен өзара ықпалдастыққа мүдделі екенін және тәжірибе алмасуға дайын екенін жеткізді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Ғылыми журналдарды дамыту жол картасы әзірленеді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінде күн тәртібіне сәйкес, ҚазҰУ-дың 2024 жылғы қабылдау науқанының қорытындылары, университеттің ғылыми журналдарының жұмыс істеуі, лицензиялау, зертханаларды аккредиттеу және 2024/25 оқу жылындағы университет қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы баяндамалар тыңдалды.



Бірінші тақырып бойынша егжей-тегжейлі есепті ҚазҰУ-дың қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, шығыстану факультетінің деканы Наталья Ем баяндады. Биылғы қабылдау науқаны сәтті өтті және талапкерлердің рекордтық саны 10 603 адамды құрады. Ол университет жоғары академиялық стандарттардың, әртүрлі бағыттар мен бағдарламалардың арқасында, әсіресе жастар арасында танымал болғанын атап өтті. Сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпірінен талантты студенттерді тартуға ықпал еткен өңірлерде өткізілген ақпараттық науқандардың маңыздылығы айтылды. 2024/25 оқу жылы қабылдау науқанының ерекшеліктері де аталды. Шығармашылық емтихандар мен өтініштерді қабылдау 20 маусым мен 10 тамыз аралығында өтті. Мерзімді әскери қызмет өткергендер ҚР Қорғаныс министрлігімен жасалған меморандум негізінде 100 пайыз жеңілдікпен әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде әңгімелесу базасында ақылы негізде қабылданады. Сондай-ақ білім беру гранттарын әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы, жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен азаматтар алды.

2024-2025 жылдары алғаш рет оқуға ішінара ақы төленетін сараланған гранттар енгізілді. Конкурсқа берген кезде гранттың бұл түрі «Республикалық бюджет қаражаты есебінен «бакалавр» дәрежесін бере отырып, жоғары білімге ішінара ақы төлеуге арналған білім беру гранты» ретінде белгіленді.

2024/25 оқу жылында магистратура мен докторантураға қабылдау науқанының жаңалықтары да енгізілді. ҚазҰУ-ға оқуға 1735 шетелдік азамат

түсті. Бакалавриатқа 6027 адам қабылданды, магистратураға – 484 және докторантураға – 807. Колледжге – 252, жоғары оқу орнына дейінгі білім алу факультетіне – 658, мектепке 58 адам түсті. ҚазҰУ-дың Бішкек қаласындағы филиалына оқуға 585 адам қабылданды.

Өз кезегінде Ғылым және инновациялық қызмет департаментінің директоры Марғұлан Ибрагимов баяндама жасап, университеттің халықаралық аренадағы ғылыми мәртебесін арттыру үшін жоғары сапалы жарияланым белсенділігінің маңыздылығы туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Ол зертханаларды лицензиялау және аккредиттеу процесін жақсарту бойынша стратегиялармен бөлісті. Бүгінде ҚазҰУ-да 25

бастап әр санында әлеуметтік-гуманитарлық бағыттар бойынша «Түркі-моңғол әлемі» және «Азия дауыстары» айдарында беске дейін мақала жариялай алады. Қазіргі уақытта ҚазҰУ-дың төрт ғылыми журналы Scopus дерекқорына, ал алты журнал Web of Science-ке кіреді. Сондай-ақ спикер зертхананың түрлері мен сынақ зертханаларын аккредиттеу ережелері туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Қаулы жобасын жариялады.

Стратегиялық даму орталығы директорының м.а. Гүлзира Василина өз баяндамасында университет қызметінің 2024/25 оқу жылына арналған индикативтік жоспарының негізгі көрсеткіштерін ұсынды. Ол стратегиялық жоспарлау қа-



жеттілігіне баса назар аударды және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынатын басылымдар тізбесіне 21 журнал кірді. Scopus және Web of Science халықаралық дерекқорларына кіретін «Туваның жаңа зерттеулері» журналымен бірлесіп басып шығару шартына қол қойылды. ҚазҰУ ғалымдары 2025 жылы журналдың бірінші нөмірінен

жеттілігіне баса назар аударды және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынатын басылымдар тізбесіне 21 журнал кірді. Scopus және Web of Science халықаралық дерекқорларына кіретін «Туваның жаңа зерттеулері» журналымен бірлесіп басып шығару шартына қол қойылды. ҚазҰУ ғалымдары 2025 жылы журналдың бірінші нөмірінен

жеттілігіне баса назар аударды және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынатын басылымдар тізбесіне 21 журнал кірді. Scopus және Web of Science халықаралық дерекқорларына кіретін «Туваның жаңа зерттеулері» журналымен бірлесіп басып шығару шартына қол қойылды. ҚазҰУ ғалымдары 2025 жылы журналдың бірінші нөмірінен

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



Қазіргі кезеңде дүниежүзіндегі елдерде болсын, елімізде болсын мерекелердің саны да, түрі де өте көп. Олар: халықаралық, халықтық, ұлттық, діни, мемлекеттік, кәсіби, мекемелік, мерейтойлық, отбасылық және тағы басқа сипаттарына қарай жіктеледі. Дегенмен әр мерекенің өзіндік алар орны мен өзіндік атқарар маңызы бар. Солардың бірі – 25 қазанда мерекеленетін еліміздегі Республика күні. Бұл күннің тәуелсіздік жарияланған күннен қандай айырмашылығы бар десек, 1991 жылғы 16 желтоқсандағы тәуелсіздікке апарар жол – осы, 1990 жылғы 25 қазаннан бастау алады дер едік. Осыдан 24 жыл бұрын, дәл осы күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 12-ші шақырылым депутаттары өзінің күзгі сессиясында елдің болашағы үшін аса маңызды құжат – «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияны қабылдады.

Еліміз ресми түрде өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін бұл тарихи күн 1992 жылдан бастап Республика күні ретінде атап өтіле бастады. Алайда 2009 жылғы «Мерекелер туралы» заңда белгісіз себептермен ол күн мерекелер тізімінен алынып тасталды. 2022 жылғы 29 қыркүйектегі Президент жарлығына сәйкес, 25 қазан – Республика күні деген мемлекеттік мереке мәртебесіне қайта ие болды.

Әр мерекенің тарихи маңызы мен тарихтағы алар орны және атқарар рөлі оның алғышартынан анық көрінеді. Олай болса, Республика күнінің тарихи алғышартына назар аударып көрелік. Тарихи алғышарттың терең тұңғығына бармай-ақ, бергі жағына көзімізді жіберсек, күшпен құрылған империялардың қай кезде болсын ақыр түбінде күйрейдіні тарихи заңдылық болатын.

КСРО секілді алып империя өз тарихының соңғы кезеңі – XX ғасырдың 70-80 жылдарында өкпесі өшкен аттай тұралап қалған еді. Бұл тұралау сол кездегі ел өмірінің барлық жағынан көрініс беретін. Тек оны ашық айтуға немесе жазуға болмайтын. Сондай жағдайда 1985 жылы КСРО басшылығына М.С.Горбачев келіп, ол әлеуметтік өмірді жақсарту үшін экономиканы қарқынды түрде дамыту қажет деп шешті және сол мақсатта «қайта құру» саясатын жариялады. Оны жүзеге асыру мақсатында «жеделдету», «демократияландыру», «жариялылық» деп аталатын бағыттарды өмірге енгізді. Бірақ нақты істен гөрі құр жалаң сөзі көп бұл бағыттардың нәтижелері онша болмады. Алып империяның экономикалық даму үдерісі мүлде тежеліп, көп ұзамай бүкіл елде жалпы дағдарыс қалыптасады.

Экономикалық тоқыраулар әлеуметтік өмірге, ал ол өз кезегінде республикалардағы ұлтаралық қатынастарға кері әсерін тигізіп, жалпы алғанда, бүкіл елдегі ішкі саяси жағдайларды одан әрі ушықтырады. Осылайша бүкіл елдегі ішкі саяси, әлеуметтік-экономикалық, ұлтаралық қатынастардың барлық түйіні жинала келе, орталықтағы билеуші партия мен оның басшылығына келіп тірелді. Ал партия мен оның басшылығы болса, «жаңа заман талабына сай болмай» шықты. Кеңес қоғамы өзінің 1920-50 жылдардағы тарихының «ақтаңдақтарын» жариялылық арқылы біліп, оның себептерін коммунистік партияның үстемдігінен, оның Сталин секілді басшылығынан деп қабылдады. Сөйтіп, барлығына коммунистік партия мен оның жетекшілері кінәлі делінген пікірлер қалыптасты. Көп ұзамай Одақ құрамындағы республикаларда, әсіресе 1986 жылы желтоқсанда Қазақстанда басталып, одан әрі Балтық жағалауындағы, Кав-

Тәуелсіздікке жол ашқан маңызды құжат



каз республикаларында орын алған саяси оқиғалар Мәскеудегі орталық билікті әлсіретіп жіберді.

1990 жылдың көктемінде республикалардағы жаңадан сайланған Жоғарғы Кеңестер өз елдерінің егемендігі туралы құжаттар қабылдай бастады. Литва 1990 жылы 11 наурызда, Латвия 4 мамырда, Эстония 8 мамырда өздерінің КСРО жаулап алғанға дейінгі Ата заңдарының күшін енгізді. Бұл дегеніміз – Одақ құрамынан шығуға бет алу еді. Дәл осы бағытты басқалар да ұстанды. 25 мамырда – Грузия, 12 маусымда – Ресей, 20 маусымда – Өзбекстан, 23 маусымда – Молдова, 16 шілдеде – Украина, 27 шілдеде – Беларусь, 22 тамызда – Түрікменстан, 23 тамызда – Армения, 24 тамызда – Тәжікстан, 25 қазанда – Қазақстан, ең соңында 15 желтоқсанда Қырғызстан өз егемендіктері туралы декларация жариялады. Сөйтіп, Кеңес Одағы тарихында 1990 жыл – «егемендік шеруі» деген атпен енді.

Басқа республикалармен салыстырғанда Қазақстанда «Егемендік туралы декларацияны» қабылдау Жоғарғы Кеңестің мәжілістерінде өте күрделі жағдайда өтті. Оның басты себептерінің бірі Қазақстандағы демографиялық ахуалға байланысты еді. Мысалы, 1989 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша еліміздегі барлық халықтар ішінде қазақ халқының үлесі 40 пайыздан сәл ғана асатын.

1990 жылы сәуір айында Жоғарғы Кеңестің кезекті жаңа сайлауы өтіп, өз жұмысына кірісті. Бұған дейінгі Жоғарғы Кеңес сайлаулары биліктегі коммунистік партияның басқаруымен, қатаң бақылауымен



Жобаны талқылау өте қызу және қарқынды жүрді. Ондағы әрбір бапқа, әрбір сөйлемге, оның мәніне дейін талқылаудан өтіп, бірден дауысқа салынып отырды. Осылайша ел тағдыры үшін аса маңызды құжаттың қабылдануы күрделі жағдайда өтеді. Ақыры, дауыс беру қорытындысы бойынша декларацияны 261 депутат қолдап дауыс береді. Сөйтіп, дәл уақыт бойынша, 1990 жылдың 25 қазаны күні 18 сағат 55 минутта ҚазКСР-нің 12-ші шақырылған Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияны көпшілік дауыспен қабылдайды.

жүргізіліп, әрбір депутат тексерістен өткізілетін. Бұл жолғы сайлауда ежелгі дәстүр сақталса да, депутаттық мандатқа елімізге белгілі, алдыңғы қатарлы заңгерлер, экономистер, қоғамтанушы ғалымдар, жоғары оқу орындарының ректорлары, шығармашылық одақтың жетекшілері ие болды. Декларация қабылдауда осы топтағы тұлғалар ерекше рөл атқарды. Ұлттық құрам жағынан алғанда барлық 360 депутаттың 18-і қазақ, 100-і орыс, қалғандары басқа ұлт өкілдері болды. 12-ші шақырылған Жоғарғы Кеңес төралқасының төрағасы болып

экономист Ерік Мағзұмұлы Асанбаев сайланды. Бұл Жоғарғы Кеңес ел тарихында екі тарихи құжатты қабылдауымен ерекшеленді. Алғашқы заңға – «Президент туралы» заң жатып, осы заңға сәйкес, Жоғарғы Кеңес 1990 жылы 24 сәуірде ҚазКСР ОК бірінші хатшысы Н.Назарбаевты Қазақ КСР-нің президенті етіп сайлады.

Екінші заң – «Егемендік ту-

рып, декларацияның жаңа, толық нұсқасын, басқаша айтқанда, үшінші нұсқасын жасауды тапсырады. Бір аптадан астам уақыт бойы жұмыс істеген С.Зиманов тобы декларацияның жобасын Жоғарғы Кеңеске 15 қазанда ұсынды.

Жобаны талқылау өте қызу және қарқынды жүрді. Ондағы әрбір бапқа, әрбір сөйлемге, оның мәніне дейін талқылаудан

өтіп, бірден дауысқа салынып отырады. Осылайша ел тағдыры үшін аса маңызды құжаттың қабылдануы күрделі жағдайда өтеді. Ақыры, дауыс беру қорытындысы бойынша декларацияны 261 депутат қолдап дауыс береді. Сөйтіп, дәл уақыт бойынша, 1990 жылдың 25 қазаны күні 18 сағат 55 минутта ҚазКСР-нің 12-ші шақырылған Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияны көпшілік дауыспен қабылдайды.

Қабылданған декларация 17 тармақтан тұрды. Онда Қазақ мемлекеттілігін құруда, қоғамды қалыптастыруда жалпы-адамзаттық құндылықтар мен принциптер басшылыққа алынатыны айтылды. Қазақ КСР Одақтағы басқа мүшелермен ерікті түрде бірігетін және олармен келісімшарттар негізінде қатынастар жасайтын егемен ел деп жарияланды. Сондай-ақ декларацияда «Қазақстандағы биліктің қайнар бастауы және иесі – Қазақстан халқы» деп жарияланды. Сонымен бірге бұл маңызды құжатта «Қазақ КСР-нің территориясы тұтас, оған қол сұғылмайды және елдің келісімізсіз оны ешкім пайдалана алмайды» делінді.

Декларацияда мемлекеттік биліктің үш тармаққа – заң, сот және орындаушы болып бөлінетіні жария етілді. Сонымен бірге Қазақ КСР аумағында Ата заң мен ел заңдарының үстемдік құратыны, ел аумағындағы ұлттық байлыққа республиканың дербес меншігі, халықаралық қатынастарда Қазақ КСР-і жеке субъект және ішкі саясатты өз мүддесіне сай анықтайтыны, егемендіктің басты белгілері – мемлекеттің Елтаңбасы, Туы және Әнұраны болатыны мәлімденді.

Арада 1 жыл 1,5 ай өткеннен соң, Қазақстан Республикасы егемендік туралы декларацияны негізге ала отырып, Қазақ елінің «Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңды қабылдады. Сөйтіп, егемендік декларациясы ел тәуелсіздігіне негіз қалаған және оған жол ашқан тарихи маңызды құжат болып саналады. Сол себепті де 25 қазан еліміз тарихындағы мемлекеттік мерекелер қатарына енгізілді.

Берекет БАҚЫТЖАНҰЛЫ,
ҚР ҰҒА академигі,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері

Возрожденный праздник

25 октября 1990 года постановлением Верховного Совета КазССР была принята декларация о государственном суверенитете Казахской ССР, заложив политико-правовые основы независимости Казахстана.

Унитарность, целостность, неделимость и неприкосновенность территории были утверждены декларацией основными принципами независимого государства. Самым главным постулатом была также утверждена самостоятельность Казахстана в решении политических, социально-экономических вопросов. Провозглашенные принципы были очень важными для реалий того времени, так как страна еще по-прежнему входила в состав СССР. Это было сложное время, период так называемого «парада суверенитетов».

В последующие годы эта знаменательная дата в истории Казахстана пережила немало перипетий. 18 октября 1995 года Указом Президента Казахстана день принятия декларации о независимости – 25 октября – был объявлен национальным праздником Казахстана – Днем Республики, в 2001 году был принят закон, согласно которому День Республики был признан государственным праздником, а 22 апреля 2009 года был подписан закон, который отменил празднование Дня Республики в Казахстане.

История не стоит на месте, все течет, все меняется. В этом году уже в третий раз после тринадцатилетнего перерыва страна будет праздновать возвращенный национальный праздник – День Республики. Выступая на июньском курултае 2022 года, Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев предложил возродить празднование весьма важной в истории страны даты. В сентябре 2022 года Сенат Парламента принял соответствующие поправки в законодательные акты. 29 сентября 2022 года Глава государства подписал закон, согласно которому 25 октября был установлен Днем Республики – национальным праздником, а 16 декабря – Днем Независимости – государственным праздником, так как конституционный закон о государственной независимости Республики Казахстан был принят 16 декабря 1991 года.

Следует отметить, что национальные праздники празднуются в ознаменование событий, имеющих особое историческое значение, оказавших существенное влияние на развитие государственности. Празднование национальных праздников сопровождается проведением официальных мероприятий в центральных и местных государственных органах.

В настоящее время День Республики – единственный праздник со статусом национального, что придает ему особую торжественность, эмоциональность и подъем. Казахстанцев также особо радует, что этот праздничный день вновь является выходным. Каждый казахстанец в это день будет желать себе и стране новых побед и достижений, что приведет новый Казахстан и его граждан к процветанию и благоденствию.

День Республики – это та особенная дата, с которой ведется отсчет становления и развития нашего государства, переломный момент в истории Казахстана. Именно в этот день был заложен прочный фундамент, на котором мы сейчас строим наше свободное общество, в котором царят равноправие и уважение друг к другу.

Сауле УДЕРБАЕВА,
к.и.н., старший преподаватель
кафедры истории Казахстана

У каждой страны есть свои главные даты отсчета времени, главные праздники. К таким, безусловно, относится День Республики. Мы отмечаем его 25 октября, так как именно в этот день в 1990 году постановлением Верховного Совета Казахстана была принята декларация о государственном суверенитете Казахской ССР, заложившая политико-правовые основы независимости нашей страны. Большинство голосов народные избранники приняли важнейший исторический документ, в котором были закреплены принципы территориальной целостности, неделимости и неприкосновенности страны.

Объединенные единой целью

Это единственный праздник со статусом национального, что придает ему особое значение, высокую торжественность, волнующую эмоциональность и необычайный подъем. Мы – очевидцы и свидетели того великого времени, когда в ходе бурливших, словно снеговая круговерть в бескрайней стылой степи, времени – прекрасно помним ту незабываемую, волнующую пору. То время, когда решалась судьба будущего республики, входившей тогда в казавшийся незыблемым союз под названием СССР. То время, когда уходила основа из-под ног, рушилось на глазах то, чем десятилетиями жила великая страна-победительница; жили, творили, мечтали граждане почти 300-миллионного государства, занимавшего значительную часть земной тверди, водного и зеленого изобилия планеты Земля.

Лично для меня, как человека более полувека своей жизни посвятившего науке, работе со студенческой молодежью, День Республики – это, в первую очередь, дань уважения истории, свидетелю прошлого, живой памяти глобальных, больших и малых событий. Меня очень радует, что поколения студентов нашего Казахского национального университета имени Аль-Фараби, проходящие перед нашими глазами, всей душой воспринимают первый большой праздник – предвестник будущей независимости.

Именно в такой день, как мне кажется, каждый из нас – вольно или невольно – глубоко и всесторонне анализирует прожитое и пережитое, анализирует его и задается вопросом: что сделано и что предстоит сделать? Сделано немало, взяты, несмотря на колоссальные трудности, доселе казавшиеся немислимыми вершины. Не один и не два человека, самые маститые и известные ученые, общественные и государственные деятели предрекали, если не крах, то неудачу, фиаско заявленных руководством страны целей на ближайшие годы и дальнюю перспективу; заявленных и провозглашенных на строительстве нового, светлого независимого государства.

В волнении и неуверенности пребывали, наверняка, все, кому предстояло осуществить стратегическую программу – 2030, доказать состоятельность заявленного. В волнении и неуверенности пребывали и мы – люди науки, преподаватели, на чьи плечи легла великая и ответственнейшая задача каждым своим словом и поступком внушать уверенность «племен младому и незнакому», поддержать и придать силу слабым и неуверенным, опираясь на поддержку лидеров и сильных личностей нашей республики.



Прошло определенное время, а если быть точнее, 34 года как принята декларация о государственном суверенитете Казахской ССР. И оказалось, что мы были не досужими мечтателями, а реалистами, знающими цену себе и другим. И хотя были волнения и переживания, но мы сумели ответить на важнейшие вопросы времени, сумели доказать свою состоятельность. Мы сумели отсечь ненужное, сумели взять с собой в путь самое важное и нужное, то, что в нашей многовековой истории помогало, удерживаясь на самых крутых поворотах, выходить на столбовую и устойчивую дорогу развития и прогресса, преодоление косности и отсталости.

Принятие декларации, хочу особо подчеркнуть, стало одним из важных шагов по нелегкому, полному препятствий, вхождению в новую жизнь и новое бытие; на пути к демократизации и независимости другого измерения, чем в советский период. В документе впервые было зафиксировано, что носителем суверенитета и источником государственной власти является народ, что является высшим доверием и такой же ответственностью.

Декларация закрепила право Казахстана выступать самостоятельным субъектом международных отношений, определять внешнюю политику в своих интересах, обмениваться дипломатическими и консульскими представительствами. На деле данное право будет реализовано появлением представительств Казахстана в ООН, ОБСЕ, ведущих международных организациях, государствах мира, что – помимо всего – благотворно сказалось на тех, кто не только совершает служебные поездки, но и увлечен путешествиями желанием увидеть мир и познать международное научное пространство.

Принятие декларации о государственном суверенитете стало фунда-

ментом для строительства сильного государства и конкурентоспособной нации. Поневолу вспоминается ответ великого английского ученого, основоположника классической и небесной механики Исаака Ньютона на вопрос о том, как он сумел достичь невероятных результатов в науке: «Я стоял на плечах гигантов».

Успех нашей страны, принявшей 34 года назад декларацию о государ-

ственном суверенитете, покоится на том, что ее руководство всегда опиралось и опирается на великую силу и волю народа, его знания и неукротимое желание постоянно быть всегда впереди, быть среди лучших. Успех пришел потому, что в стране было много тех, кому покоряются самые крутые горные вершины, кому не страшны ничьи угрозы, кто следует принципу: «Перед сильным не прогибайся – он не посланец Всевышнего, слабого не унижай – он тебе не раб».

Есть широко известное выражение, приписываемое китайцам: «Недоброжелателю своему пожелаю жить в эпоху перемен». Говорю «приписываемое», подразумевая то, что также могли высказаться светлые умы любых других народов. Как бы то ни было, мы жили в эпоху перемен. Нам пришлось нелегко. Часто мы оказывались в роли путников, застигнутых беспросветной темной ночью в бескрайней бездорожной степи. Душа трепещет, сердце не подчиняется разуму, поневоле вспоминаешь то, чем жил до сих пор, чем в радовался и о чем мечтал. Но вот в открытой, словно огромным стеганым казахским одеялом, темени появляется что-то похожее на светлячок. «Да это же огонь жилища! Да не один...» – вспыхивает душа радостью, вознесется в неведомую высь. Мы спасены! Точнее, мы нашли достойный ответ на вызов времени! Потому что мы не сдавались, постоянно вели поиск, ставили перед собой реальные задачи, главное же – были объединены единой целью, помнили заветы предков.

Поздравляю всех граждан страны с Днём Республики и желаю процветания!

Султан ТУЛЕУХАНОВ,
д.б.н., профессор кафедры
биофизики, биомедицины и
нейронауки, академик НАН РК

«Ер есімі – ел есінде» деген қанатты сөз қазақта белгілі бір батырларға арналып айтылады. Осындай атқа лайық, Ұлы Отан соғысында Берлиндегі Рейхстаг төбесіне Жеңіс туын алғашқы болып қадаған батырымыз Рақымжан Қошқарбаев 100 жасқа толып отыр.

Рақымжан Қошқарбаев 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысының Ақмола ауданында дүниеге келген. Ол ата-анасынан ерте айырылып, балалар үйінде тәрбиеленді. Төрт жасында анасынан айырылып, 13 жасында жетім қалып, 1937 жылы әкесінің қуғын-сүргінге ұшырауына байланысты балалар үйіне түскен. Жетіжылдық мектепті бітірген соң, Балқаш қаласындағы фабрика-зауыт училищесіне (ФЗУ) жіберіледі.

Соғыс басталысымен Қызыл әскер қатарына өтуге өтініш жасады, сол кезде ол небәрі 16 жаста болатын. 1942 жылы 18 жасқа толған шақта Қызыл әскер қатарына шақырылып, Көкшетау қосалқы полкінде әскери жаттығулардан өтті. 1943 жылы Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласындағы әскери училищеге оқуға жібереді. Оны 1944 жылы қазан айында үздік бітірді. Содан кейін Қостанай қаласында жасақталған 150-ші атқыштар дивизиясының 674-ші полкінде лейтенант Р.Қошқарбаев взвод командирі болды.

Соғыстың соңғы жылы дивизияның көптеген бөлімшелері Германияның Одер өзенінен өткен кезде ерекше ерлік көрсетті. Әсіресе 674-ші және 756-шы полктың жауынгерлері көзге түсіп, өздерінің ерлігімен барша әскердің көз қуанышына айналады. Фашизмнің астанасы Берлинге алғаш кірген әскери бөлімдердің қатарында осы 150-ші дивизия, осы аты аталған полктар болды.

1945 жылы 16 сәуірдегі шайқаста Одер өзенінің сол жағалауындағы Гросс-Нойендорф ауданында басып алынған плацдармды кеңейту кезінде Қошқарбаев шабуылдаушы батальонның құрамында ұрысқа қатысты. Жаудың аянбаған қарсылығына қарамастан, оның

взводы жау окопына бірінші болып кірді. Ұрыс өте теке-тіреске айналып, окоптағы шайқас қоян-қолтық ұрысқа дейін жетті. Қошқарбаевтың автомат қаруы граната жарылысынан зақымданып, істен шықты. Сол

1945 жылғы 29 сәуірдегі ұрыста взвод алғашқылардың бірі болып Шпрее өзенінен өтіп, жаудың қатты қарсылығын бұзды. Одерден Рейхстагқа дейінгі шайқас күндерінде взвод 200-ден астам неміс сол-

рімен жеті сағатта жүріп өтті. 1945 жылы 30 сәуір күні, сағат 18:30-да Рейхстагқа Жеңіс туын тікті. Ол осы ерлігі арқылы сұрапыл соғысқа нүкте қойды. Қошқарбаевтың марапаттау тізімінде «Кеңес Одағының Баты-

баевқа Рақымжанның ерлігі туралы жазуды тапсырды. 1958 жылы 21 ақпанда «Рейхстагқа ту тіккен қазақ» атты очерк жарияланды. Осы Ту жайлы тарихи шындықты ақиқатқа шығару үшін 62 жыл қажет болды. Ұлы ерлікті дәлелдеу жолында талай адамдардың тер төккені де рас. Ақиқаттың ақырында анықталғаны да рас.

1999 жылы 7 мамырда Р.Қошқарбаевқа «Халық қаһарманы» атағы берілді. Ұлы Жеңістің 62 жылдығы қарсаңында қазақстандықтар үшін қуанышты жаңалық болды. Р.Қошқарбаевтың Рейхстагқа жеңіс туын тіккені расталды. Ресей осы ерлікті айқындайтын құжаттарды еліміздің мемлекеттік мұражайының қорына табыс етті. Мәскеу тарихи қажеттілікті түзетіп, ресми түрде қазақ батырының ерлігін мойындауға мәжбүр болды.

2024 жылы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев заңға түзетулерге қол қойды. Енді III дәрежелі «Айбын» ордені Рақымжан Қошқарбаевтың есімін алды. Бұл награда әскери борышын атқару кезінде көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін тапсырылатын марапат. Р.Қошқарбаев көзі тірісінде «Қызыл Ту», I дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваның азаттығы үшін» медальдарымен марапатталды.

Рақымжан Қошқарбаев одан басқа көптеген құрметті атақтарға ие. Ол бірнеше қаланың құрметті азаматы атанса, Ақмола облысы Қосшы ауылының орта мектебіне, Астана, Алматы және басқа қалалардағы көшелерге оның есімі берілді. 2015 жылы Астана қаласында батыр құрметіне ескерткіш ашылды. «Қазақфильм» киностудиясы ол туралы «Жеңіс солдатты» деректі фильмін түсірді. Ол өзі жүріп өткен жауынгерлік жолы туралы «Жеңіс жалауы» және «Шабуыл: 1410-шы күн» атты кітаптарын жазды. Рақымжан Қошқарбаев 1988 жылы 10 тамызда дүниеден өтті. Биыл 100 жасқа толған батырымыздың ерлігі мен есімі осылайша ел есінде қалды.

Болат САЙЛАН,
тарих ғылымының докторы, профессор

Жеңіс туын

Қадаған қазақ

сын сағатта ол гранатамен пулемет пунктіне жетіп, жау атушыларының көзін жойып, пулеметті тартып алып, олжалы қарудан оқ жаудырды. Қошқарбаев батыл әрі өжет қимылының арқасында алдына қойылған міндетті орындады. Осы ерлігі үшін 150-ші атқыштар дивизиясы 674-ші атқыштар полкының взвод командирі Рақымжан Қошқарбаев I дәрежелі «Отан соғысы» орденін алды.

1945 жылы 16 сәуірде Одер өзенінің батыс жағалауындағы Гросс-Нойендорф ауданындағы плацдармнан қарсыластың қорғанысын жарып өтіп, Қошқарбаевтың шабуылдаушы взводы 1945 жылы 17 сәуірде Фриландерштром каналына шықты. Қорғаныс үшін өте тиімді жежені пайдаланған жау олардың қозғалысын тоқтатуға тырысты. Қошқарбаевтың взводына су бөгетін қолда бар құралдармен еңсеріп, каналдың батыс жағалауындағы плацдармды басып алу және полктың негізгі күштерінің өтуін жеңілдету тапсырылды.

Тікелей атылған зеңбірек оқтарының қорғаштауымен Қошқарбаев басқарған взвод каналдың қарсы жағасына жетіп, жедел түрде неміс окопына кірді. Қоян-қолтық ұрысқа дейін жеткен окоптық ұрыста взвод 40-тан астам неміс солдатын жойып, үш ауыр калибрлі пулеметті қолға түсіріп, қолға түскен қаруды пайдаланып, жаудың атыс нүктелеріне қарқынды оқ жаудырды. Қошқарбаев взводының жетістігін пайдаланып, тағы бірнеше шабуылдау топтары тасымалданды.

даты мен офицерін өлтіріп, 184-ін тұтқынға алды, қызметшілермен бірге 14 далалық зеңбіректі, 27 ауыр калибрлі пулеметті және басқа да көптеген қару-жарақты қолға түсірді.

Берлин үшін шайқаста Рақымжан мен оның взводы алғашқы қатарда соғысты. Олар алдымен Корольдік алаңға, «Гиммлер үйіне» жетті. Мұнда лейтенант Қошқарбаевқа тарихи маңызы бар – Рейхстаг ғимаратының үстіне Қызыл туды көтеру туралы бұйрық берілді. «Гиммлер үйінен» Рейхстагқа дейінгі қашықтық бар болғаны – 360 метр. Бірақ бұл ашық алаң болғандықтан, жан-жақтан оқ борап тұрды. Осы қанды қашықтықты лейтенант Қошқарбаев жауынгерле-

ры атағына лайық» деп жазылған. Өкінішке қарай, Рақымжан Қошқарбаевтың теңдессіз ерлігі ондаған жылдар бойы көлеңкеде қалды. Берлинді басып алу кезінде көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алмады. Қыр баласының ерлігін көргенде қысылып қалатын Кремль Қошқарбаевқа алтын жұлдызын қимады. Берлиндегі шайқастардың қорытындысы бойынша Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов «Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

Соғыстан кейін қазақ батырының ерлігі көпке дейін еленбей қалды. Ол туралы алғаш шындықты айтып сөз қозғаған Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы еді. Ол журналист Кәкімжан Қазы-

Фараби кітапханасында көрнекті ғалым, академик және Ядролық физика институтының негізін қалаушылардың бірі Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған «Ядролық ғылым және технологиялар» атты V халықаралық форум болып өтті.

Форумды ҚазҰУ мен Ядролық физика институты ұйымдастырды. Шараға 300-ге жуық адам, оның ішінде 15 елден (АҚШ, Германия, Жапония, Қытай, Ресей, Өзбекстан т.б.) 135 ғалым қатысты. Форум ядролық физика, атом энергетикасы, радиациялық экология және талдамалық әдістердің өзекті мәселелерін талқылауға арналған жетекші халықаралық алаңдардың бірі мәртебесін тағы да растады.

Ядролық ғылым мен технологиялар форумы

Форум аясында жоғары энергия физикасы мен ғарыштық сәулелерден бастап, атом энергетикасының қауіпсіздігі, баламалы энергетика, ғылыми зерттеулердегі аналитикалық әдістер, ядролық криминалистика және денсаулық сақтауда ядролық медицинаны қолдану мәселелеріне дейінгі кең ауқымды тақырыптарды қамтитын 260 баяндама ұсынылды. Біздің ғалымдар да тыс қалған жоқ.

Форум аясында мынадай негізгі шаралар өтті:

– XV халықаралық «Ядролық және радиациялық физика» конференциясы;



– «Медицинадағы, өнеркәсіптегі және ауыл шаруашылығындағы ядролық және радиациялық технологиялар» атты IV халықаралық ғылыми-практикалық конференция;

– CERN-нің жоғары энергия физикасы, үдеткіш технологиялар және ядролық медицина бойынша 8-ші мектебі.

Конференцияға Ядролық зерттеулер жөніндегі еуропа-

лық орталығының (CERN) халықаралық байланыстар жөніндегі директоры Шарлотта Варакауле ханым қатысып, қызықты баяндама жасады және келешекте қазақстандық ғалымдардың да CERN-мен ғылыми байланыста болатынына сенімділік танытты (өзірше CERN-мен байланыстағы 77 елдің арасында Қазақстан жоқ).

Форум алдыңғы қатарлы білім алмасу және ядролық технологиялар мен іргелі ғылым саласындағы ынтымақтастықты нығайту үшін маңызды халықаралық алаң ретінде өзектілігін тағы да дәлелдеді.

Тұрғара ТҮСЕЕВ,
физика-математика ғылымдарының докторы,
Жылы физикасы және техникалық физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Дзюдо турнирінің жеңімпаздары

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студент-спортшылары беделді халықаралық жарыстарда жүлделі орындарға ие болды.



Ақтауда бапкер Тұрар Жолдыбаевты еске алуға арналған ерлер мен әйелдер арасындағы дзюдодан ашық Азия кубогы өтті. Жарысқа Әзірбайжан, Гонконг, Үндістан, Иран, Қырғызстан, Моңғолия, Өзбекстан, Тәжікстан және Қазақстаннан 200-ге жуық спортшы қатысты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің



3-курс студенті Аңсарбек Гайнуллин 81 келі салмақ дәрежесінде дзюдодан Азия чемпионы атанды. Grand Slam сериясындағы дзюдодан халықаралық турнир Абу-Дабиде (БАӘ) аяқталды. Қазақстан командасы үш қола медаль жеңіп алды. Жүлдегерлер қатарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің 3-курс студенті Әбиба Әбужақынова бар, ол 48 келі салмақ дәрежесінде қола медальға ие болды.

Спортшыларымызды жеңістерімен құттықтаймыз!

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Республика күні – еліміздің басты тарихи және аса маңызды ұлттық мерекесі. Республика күнінің тарихы сонау тоқсаншы жылдардан басталады. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «ҚазССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясы қабылданған болатын.

Жаса, жайна, елім менің!

Бұл қабылданған декларация жай ғана құжат емес, сан жылдар бойы азаттықты көксеген елдің орындалған арманы еді. Сол сәттен бастап-ақ егемен Қазақстан жеке мемлекет ретінде әлемге таныла бастады. Қабылданған декларация Қазақстан тәуелсіздігінің іргетасы саналды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы қадамды жасау арқылы егемен мемлекетіміздің іргелі принциптері ретінде біртұтас мемлекетіміз паш етілді және оның аумағының тұтастығы, бөлінбейтіні бекітілді. Қазақ халқының төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта жаңғырту және дамыту ісі қолға алынды. Осы декларацияның арқасында біз кеңестік заңдарды қолданудан бас тартып, Ата заңымызды қабылдап, дамытуға қадам бастық.

Осы жылдар ішінде Қазақстан көптеген жетістіктерге жетті. Экономикалық даму, мәдениет, білім және ғылым т.б. салаларда айтарлықтай жетістігіміз көп. Қазақстанның халықаралық аренада да орны зор. Еліміз көптеген халықаралық ұйымдарға мүше, бұл біздің әлемдегі бейбітшілік пен тұ-

рақтылыққа қосқан үлесімізді көрсетеді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Біз бүкіл ел болып жаңа Қазақстанды құрамыз. Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтыны анық. Бұл – бүкіл қоғамды өзгертетін күрделі әрі ұзақ үдеріс. Мұны жүзеге асыру үшін бір ғана билік әрекет етсе, бұл, әрине, жеткіліксіз. Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға жетеміз».

Біз әрқайсымыз елімізді сүйіп, оның дамуына өз үлесімізді қосуға тиіспіз. Отанымыздың тарихын, мәдениетін білу, оны құрметтеу – біздің азаматтық борышымыз. Отанымыздың әрбір жетістігі – біздің ортақ жетістігіміз. Осы атаулы күні Отанымыз – Қазақстан Республикасына өркендеу мен амандық тілейміз. Халықтың бірлігі, татулығы мен келісімі біздің мемлекеттілігіміздің мәңгілік берік тірегі болсын!

**Толғанай РЫСҚАЛИ,
Мөлдір ТІЛЕШОВА,
Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушылары**

Физика-техникалық факультетінің Плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен «Электр энергетикасы» ББ 2-курс студенттері арасында ҚР энергетикасының дамуына арналған «Қазақстан энергетикасының бүгінгі мен ертеңі» атты маңызды іс-шара өтті.

Студенттер командаларға бөлініп, плакат, макеттер мен презентациялар дайындап, еліміздегі электр стансаларының өзекті мәселелерін баяндады. Қатысушылар Қазақстан бойынша түрлі электр стансаларының жұмысына тоқталып, олардың энергетикалық

тиімділігін талдады. Сондай-ақ дәстүрлі электр стансаларымен қатар, жаңартылатын энергия көздері арқылы жұмыс істейтін күн және жел стансаларының да артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылады. Дәстүрлі электр стансаларының артықшылықтары арасында олардың жоғары қуаты мен тұрақтылығын келтіріп, көміртегі диоксидінің жоғары шығарындылары мен экологияға берер теріс әсері секілді елеулі кемшіліктерін де атап көрсетті. Жаңартылатын энергия көздерінің климаттық шектеулері болса да, қоршаған ортаға минималды кері әсері мен энергияны пайдаланудағы шығындардың төмендеуі негізінде болашақта жасыл энергетика-

Салалық білімнің бәсі биік



ның дамуына үлес қосатынына назар аударылды.

Бұл іс-шара студенттердің тұрақты даму принциптері мен

энергетика саласының экологиялық аспектілерін ескере отырып, Қазақстанда атом электр стансасын салуға байланысты қоғамдық маңызын айқындады. Іс-шара студенттердің кәсіби білім алуда ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, ел энергетикасының дамуына үлес қосуда сапалы білімнің аса маңызды екенін айқындап берді. Осындай білім мен тәжірибеге сүйенген білім алушылар жалпыхалықтық референдумда дұрыс таңдау жасады деп ойлаймыз.

**Шолпан ӘБДИЕВА,
Ақмарал КЕНЖЕБЕКОВА,
ФПН және КФ кафедрасының аға оқытушылары**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.